

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ФИЛОСОФИЯ СЕРИЯСЫ
МӘДЕНИЕТТАНУ СЕРИЯСЫ
САЯСАТТАНУ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ФИЛОСОФИЯ
СЕРИЯ КУЛЬТУРОЛОГИЯ
СЕРИЯ ПОЛИТОЛОГИЯ

АЛМАТЫ

№2 (37)

2011



Сулейменов П.М. АРАБ МҰСЫЛМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫң ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	74
Хамзеева Б.Х., Қазиева Ж.Н. ПОСТМОДЕРНИЗМ ҰҒЫМЫ НЕҢ БІЛДІРЕДІ?	
(ТАЛДАУ ЖАСАУ)	78
Амиркулова Ж.А. ӘЛ-ФАРАБИ ЕУРОПА ҒЫЛЫМЫНДА	82
Момышұлов Ж.Б. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯ МЕН ДІННІЦ АРАҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ	
КӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ ПАЙҒАМБАРЛЫҚ ҰҒЫМЫ	85
Әлиев Ш.Ш. АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ БАСҚАРУ - ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТИНДЕ	88
Багашаров Қ. ДІНИ ТӘЗІМДІЛІК ИДЕЯСЫНЫң ИСЛАМДЫҚ БАСТАУЛАРЫ	91
Шорманбаева д.Г. ТРАНСФОРМАЦИЯ СОЦИАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В УСЛОВИЯ СОВРЕМЕННОСТИ	94
Үмбетова Г. ШӘКӘРІМ ДУНИЕТАНЫМЫНЫң АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ	96

3-бөлім. МӘДЕНИЕТТАНУ

Масалимова А. Р., Борбасова Қ.М. ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ	
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДІННІЦ РӨЛІ	100
Нуржанов Б.Г. ОКУЛОЦЕНТРИЗМ ЗАПАДНОЙ КУЛЬТУРЫ И ФИЛОСОФИЯ	103
Байтепекова Н.Ж, Демеуова А.А. СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ КАК СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН	107
Молдабеков Ж.Ж. КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАК ПРОБЛЕМА: ХАРАКТЕРНЫЕ ЧЕРТЫ И	
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ПОЗИЦИЯ	110
Абдигалиева Г.К. ЦЕННОСТНАЯ ИДЕНТИФИКАЦИЯ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ	114
Жолдубаева А. ЭКСПЛИКАЦИЯ ИНДИВИДУАЛЬНОСТИ В КАЗАХСТАНЕ	118
Канагатова А.М. О СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ КАЗАХСТАНА	121
Кодар А. ТЕНГРИ КАК ДУХОВНЫЙ СТЕРЖЕНЬ КАЗАХСКОГО САМОСОЗНАНИЯ	124
Тажисбаева Т.Л. МУЗЕЙ АЛЬ-ФАРАБИ: НАСЛЕДУЯ И ПРЕУМНОЖАЯ	
(К Концепции создания нового музея)	128
Джуманова Г.Ж., Катерюшин Л.Б. К ВОПРОСУ ОБ ИСТОКАХ И ПРИЧИНАХ РЕЛИГИОЗНОГО	
ЭКСТРЕМИЗМА	131
Рамазанова А.Х.ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО МИФОВОРЧЕСТВА И МИФОСОЗНАНИЯ	133
Құранбек Ә.А., Мажисбеков С.А. АНТИКАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ КЕҢМӘТІНІНДЕГІ ТӘН МӘДЕНИЕТІНІҢ	
ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	138
Сулейменов Т.А., Есиркепова Г.К. МЕНТАЛЬНОСТЬ НОМАДОВ В КОНТЕКСТЕ ВОСПИТАНИЯ	
ТОЛЕРАНТНОСТИ В МОЛОДЕЖНОЙ СРЕДЕ	141
Ким Л.М. САМОАКТУАЛИЗАЦИЯ ЛИЧНОСТИ: Ю.ЛЕВИТАНСКИЙ	143
Шубаева У.К. ЖАСТАРДЫҢ ДІНІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДЛІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІ	145
Аликбаева М.Б., Рысқиева А.А. ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫҚ ОЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СИПАТЫ	148
Жұмашова А.А. ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ	151
Бияздыкова К.Ә. АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕТИЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ	154
Масанов Е.Ж. МЕДИАМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА БІРЕГЕЙЛІКТІ ІЗДЕУ	158
Шаңбаева А.Н. ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРАҚАТЫНАСЫ	161
Карасартова М.М., Сейдинова М.А. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ ЛИЧНОСТИ	165
Тұрганбеков С.К., Айтепекова А.А. ҚАЛА АДАМЫНЫң ЭКЗИСТЕНЦІАЛДЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ	
(ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ)	168
Камалова Ф.Б. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ИСЛАМ ФЕНОМЕНИ	172

4-бөлім. САЯСАТТАНУ

Абдирайымова Г.С. МЕЖПОКОЛЕННЫЕ ПРИТЯЗАНИЯ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННОМ	
КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ	175
Абшиева М. ПРОБЛЕМА ТЕРРОРИЗМА И РЕЛИГИОЗНОГО ЭКСТРЕМИЗМА В КАЗАХСТАНЕ	
МОНИТОРИНГ СМИ В ИЮНЕ-АВГУСТЕ 2011 Г.	178
Сатыбалдина Т. М. ОСОБЕННОСТИ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА	
В КАЗАХСТАНЕ	182
Қалдыбылғұлы Қ., Насимов М.Ә. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ЖЕТИСТІКТЕР ҰЛТТЫҚ	
ҚАУПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗІ РЕТИНДЕ	186
Абдрасилов А.А. ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННО-ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА В	
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	189
Сиводедова А.В.СЕТЕВЫЕ СООБЩЕСТВА В ПОСТИНДУСТРИАЛЬНОМ ОБЩЕСТВЕ: НЕКОТОРЫЕ	
АСПЕКТЫ ПРОБЛЕМЫ	192
Алдубашева Ж.М. СТАНОВЛЕНИЕ КАЗАХСТАНСКО-АМЕРИКАНСКИХ ОТНОШЕНИЙ	197
Жандосова Ш., Әүелбеков О. КИБЕРЛАҢКЕСТИК ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң АҚПАРАТТЫҚ	
ҚАУПСІЗДІГІНЕ ҚАУП РЕТИНДЕ	200

5-бөлім. ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫ

James Petrik. "ENANTIOMORPHS AND KANT'S NEGLECTED ALTERNATIVE: AN ARGUMENT FOR	
THE NON-SPATIALITY OF THINGS IN THEMSELVES"	204
WANG Jianxin. MUSLIMS AND ISLAMIC CULTURE IN JAPAN: A FIELD REPORT	207
Mark Owen Webb. SCIENCE AND RELIGION: COMPETING WAYS OF KNOWING?	213
Бейшеналиев А. ФИЛОСОФИЯ ПРЕПОДАВАНИЯ Ф. ГЮЛЕНА	215

жасай келіп: «Музыка халықтың мәдениеті, олардың рухани дәрежесі ұлттына, нәсіліне, жаратылыс ерекшеліктеріне тәуелді емес, мекеніне, ауа-райына, ас-арқауына т.б. материалдық, жағырафиялық, саяси жағдайларға байланысты болады», – деген заманынан озық туған тоқымды басшылыққа алады [5, 98 б.]. Ортақ білім, ортақ ойдың бастамасы, ол қандай да бір өнер түрімен байланысты. Мысалы, оған өнердің тәжірибе жүзінде қолданысы жатады. Оны ойлагап тапқан адамдар белгілі бір аймақта немесе мемлекетте түрғандарымен табиғи ұқсастықтары, сыртқы кейпі, дene түргысы ұқсас болуы мүмкін. Оның жан дүниесінің, тіпті мінезінің ұқсастығы болуы ғажап емес. Әл-Фарабидің қалыпты адамдардың білу, сезу қабілетінің олардың түр-түсіне, ұлттына қарамай бір-бірінен алшак кетпейтіні туралы пайымдарының тағылымдық мәні бар. Ұлы ғалымның тағылымы музыканың барлық халыққа ортақтығы, яғни ұлтаралық сипаты болып табылады. Рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылдық рух қалыптасатыны белгілі. Әсіресе бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелу мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс. Ұлттық негізі мықты бұл жас буын терең білімімен әлемдік рухани кеңістіктің өзін еркін сезініп,

мәдени-философиялық категориялар арқылы ойлайтынымен ерекшеленеді.

1. Әбу Насыр әл-Фараби. *Музыка туралы үлкен кітап* / Ауд. Ж. Сандыбаев. – Алматы: Колор, 2008. – 751 б.
2. Серов А.Н. *Критические статьи*. – М., 1976. – Т.3. – 405 с.
3. Рейсс. *Малая история музыки*. – Краков, 1965. – 201 с.
4. Құрманалиева А.Д. Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық іліміндегі әлеуметтік танымның онтологиялық және әдіснамалық негіздері: филос.г.к. дисс.: 09.00.03. – Алматы, 2003. – 133 б.
5. Қобесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 б.
6. Даукеева С. *Философия музыки Абу Насра Мухаммада аль-Фараби*. – Алматы: Фонд Сорос – Казахстан, 2002. – 352 с.
7. Әл-Фараби. *Китабу әл-мутика әл-кабир*. – Cairo: The arab writer, 1967. – 1608 б.
8. Матякубов О. *Фараби об основах музыки Востока*. – Таишкент: Фан, 1986. – 86 с.

В статье рассматривается проблемы музыки аль-Фараби.

In the article it is considered a Al-Farabi's music.

A.A. Жұмашова

ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТИНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

Отыrap мемлекеттік археологиялық қорық – музей, этнография бөлімінің менгерушісі

Отыrap бүкіл шығысқа кеңінен танымал, Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан қала. Сырдарияның орта ағысындағы суармалы құнарлы алқап.

Отыrap өлкесі Республикамыздағы өзіндік орны бар туристік орталық болып табылады. Сырдария мен Арыс өзендерінің екі жағасында бірімен – бірі інтіресін түрған тарихи – мәдени ескерткіштердің әрқайсысы өз алдына ашық аспан астындағы музей іспепті.

Көптеген тарихи деректер мен соңғы кездегі археологиялық қазба, зерттеулер мұнда отырыштылық пен жер өндеудің нағиесінде көне замандарда қала салу мәдениетінің едәуір дамығандығын дәлелдей отыр. Далалық өркениеттің бесігі болған Қазақстанның көне калалары X – XII ғ.ғ. гүлденіп мәдениет, ғылым мен өнер шынына жетіп, қолөнер, сауда дамуымен қатар далаларында диханшылық пен мал шруашы-

лығы өркен жайды. Қалалардың дамуында Ұлы Жібек-Жолы басты рөл атқарды. Сол Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың ең ірі дамығаны, мәдениеті мен әдебиеті, сәулеті мен дәулеті арткан көне Отыrap қаласының өркендегенін археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған көне сарайлар мен мешіттердің орны, моншалардың орны т.б. көрсете алады.

Отыrap Ұлы Жібек Жолы арқылы Үнді, Қытай, Византия т.б. мемлекеттермен үнемі ғылыми, мәдени, экономикалық, дипломатиялық байланыста болып қалаларында ғылымы мен мәдениеті, сауда өндіріс, далаларында егін, мал шаруашылығы катар дамыған әлемдік мәдениеттің ірі орталықтарының бірі болды. Дүниеде теңдесі жоқ ұлы ойшыл Әбу Нәсір әл-Фарабидің туылған жері, сонымен қатар әулиелі қасиетті орындарымен ерекшеленеді. Отыrapда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамдағы сансыз баб, ең үлкені Арыстанбаб деп дәріптелеген бүкіл мұсылман қауымына белгілі

шейх Қожа Ахмет Яссаудің ұстазы Арыстанбаб осында жерленген. Арыстанбаб тек Отырар өңіріне ғана емес бүкіл түркі әлемінің исламдануына септігін тигізген ірі тұлға болған.

Отырар тарихқа Отырар өркенисті деген атпен еніп [1, 5 б.]қазақ еліне оның ежелден ақ қалыптасқан мемлекеті мен саяси хал ақуалының белгісі ғылым мен мәдениеттің жалғасы болған Отырарда қатар қанат жайған мәңгі өшпейтін адамзаттың заттық және рухани асыл мұраларын қалдырыды.

Отырар жайында көне грек оқымыстысы Птолемей, араб пен парсының, түркінің жиһан кезген атақты географтары шежіреп тарихшылары Әбу Исхақ Әл – Истахри (899-952), Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл – Бируни (Х – XI), Шамс Ад – Дин Әбу Абд Алла Мұхаммед әл – Мақдиси (Х ғ.), Якут әл – Хамауи, Әбу Джагхар Мұхаммад ат – Табари (923), Из ад Дин Әбул Хасан Әбу Ибн әл – Асир (1161-1234), Фазлала Рашид ад – Дин (1247-1318), Әла ад – Дин Ата Малик Жуаини (1226-1283) Мұхаммед бин Ахмед әл – Насауи (1245) т.б. картага түсіріп, тарихи деректер жазып қалдырыды.

Ал, біздің заманымызда Отырар тарихын В.В. Бартольд, А.К.Кларе А.А. Черкасов А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, Ә.Марғұлан, А.Машанов, К.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, А.Әлімов, А.Алтаев, Ә.Жәнібеков, Ә.Дербісәлиев, А.Жұмашов, М.Қожаев т.б. зерттеді. Сондай – ақ әдебиет тарихында Д.Досжанов, Х.Әдібаев, О.Сүлейменов, М.Шаханов Отырар тарихына қалам тартты.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырған ғұлама бабамыз Әбу Нәсір әл – Фараби және оның арғы – бергі ізбасарларның XIX-XX ғ.ғ. әдебиет сахнасына шыққан Мәделіқожа Жұсіпқожаұлы, Майлышқожа Сұлтанқожаұлы, Жұсіпқожа Шайқысламұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мырзабек Байжанұлы, Айтбай Белгібайұлы, Садуақас Жақашұлы, Байбосын Құзенбайұлы, Елейсіз Байырбекұлы, Балтабай Тебейұлы, Тәушен Әбуова, сынды өнер иелерінің әлемдік поэзияның алaby Мұхтар Шаханов пен халық ақыны Әсельхан Қалыбекованаң, аса көрнекті сазгер, ән жанрының майталманы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов сынды өнер иелерінің отаны. Отырар рухани мәдениетіміздің дамыған, қалыптасқан және оның біздің заманымызға жеткен көптеген ескерткіштері сакталған аймақ.

Қаракөншек маңынан табылған тұтқалы құмырадағы, Отырардан табылған су құбырындағы, құлпытастағы, ыдыстардағы жазулардан Отырарда көне төл жазу мәдениетіміздің дамығандығын анғаруға болады.

Отырарда медресе, улken кітапхана болған.

Отырар кітапханасының кітаптары туралы Бипай «Шайбани–немесінде» (ХV-ХVI ғ.ғ.) Бұхар тарихшысы Рузбихан Отырардың қолжазба кітаптары Сығанаққа дейін таратылған десе, ел аузында Отырар кітапханасы туралы не бір аныздар сақалған.

Ата-бабасынан пүтқа табынуды мирас еткен Отырар тұрғындары IX-X ғ.ғ. мұсылманданды. Бүкіл мұсылман қауымына белгілі шейх Ахмет Яссаудің ұстазы Арыстанбаб осында дәріс берді және қайтыс болып жерленді. Осы Арыстанбаб кесене мешітіндегі кітаптар өткен ғасырдың 30-шы жылдарына дейін сакталып, кейін «қызылдардың қырғыны» кезінде Арыстың Сырдарияға құяр сағасындағы жиде тогайына апарылып тасталған кітаптардың Бұхара медресесінің тулеғі Әбусейіт Оңарбайұлы сақтаған бір парасы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Әбу Нәсір әл-Фараби музей кітапханасының корында сактаулы тұр. Кітапхана қорында ХVIII, XIX, XX ғасырларда Дели, Мысыр, Ыстамбұл, Қазан, Ташкент т.б. қалаларда басылып шықкан, көшірілген «Тафсир әл - Құран», «Құран – Қәрім», «Қәлем Шариф», Ибн Ахмад Захиди аударған «Шаригат Ұлағаты», ғұлама Фазалдың «Шаригат сақтаушысы», «Раддул Мұхтардың» 2-3-4 томдары, «Жами ал-Рамуз», «Шарх Жами», «Шаригат кітабы», «Пайғамбарлар тарихы», «Мың бір хадис», «Шаригат ұраны», «Емшілік кітабы», «Араб тілінің грамматикасы», «Қайырымдылық дәлелдері», «Турки хаждама», «Диуани Физли», «Диуани Ҳафиз», Сопы Аллаярдың «Өлеңдері», Қожа Ахмет Иасаудің «Диуани Ҳикметі», Шәдітере Жаһангөрүлінің «Алты бармағы» т.б. парсы, түркі, татар, қазак тілдеріндегі қолжазба кітаптар болған. Қошшілігіне «Арыстанбабқа» деп атап жазылып, мұсылман әлеміне белгілі жиырма қаридың тарихын жазған Садықұлы Молда Фахрудиннің мөрімен күэландырылған.

Отырар аймағында «Қобыланды », «Шора», «Едіге», «Мұңлық - Зарлық», «Қамбар батыр» т.б. қисса – жырлары туған. Ә.Диваевтың ел аузынан жазып алған фольклор нұсқаларына қарағанда бұл аймақта ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері сакталған.

Отырарлық ақын – жыраулар шығыс жырларын аударып жатқа алып жырлаған. Мәселен, Майлышқожа ақын арабтардың Иракпен соғысын баяндайтын «Зарқұм» дастаның қазақшалап жазып алып жырлап жүрген. Аталаған дастанның қолжазба нұсқасын ғалым Әсельхан Оспанұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Әбу Нәсір әл – Фараби музейіне тапсырыды. Қазір қолжазба музей қорының құнды жәдігерлері қатарында сактаулы.

Отырарлық ақын Садуақас Жақашұлының «Оңтүстік Қазақстанның қысқаша тарихы» деген тарихи – этнографиялық қолжазба енбекінде Отырардағы ойын – сауықтың көптеген түрлері аталады. Олар «Айт тойы», «Құдалар ойыны», «Бәдік», «Ойын - тойы», «Көкпар ойыны», «Өлең ойыны», «Тартыс ойыны», Ұсақ ойындар: «Тоғызқұмалак», «Дойбы ойыны», «Асық ойыны», «Бестоп», «Алаш ойыны», «Ақсүйек ойыны» т.б.

Садуақас Жақашұлы шығармашылығын тұңғыш зерттеп, ғылыми жүйелеген, заманалап үлкен оқиғаларға да үн қосқан тарихи тақырыпқа да қалам тартқан Оңтүстік Қазақстан облысына белгілі ақын Рахманқұл Бердібай. Ол былай деп жазады: Өз шығарамларында заманалық үлкен оқиғаларға үн қосқан, тарихи тақырыпқа да қалам тартқан Отырар алқабында дүниеге келген ақын. Садуақас Жақашұлы еңбектері әлі зерттеле қоймаган.[2, 15 б.]

Отырар рухани мәдениетіміздің әлемге әйгілі өкілдері шыққан өлке. Олардың топ жарғаны Әбу Нәсір әл-Фараби. Әбу Нәсір Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлах әл-Фараби /870 жылы Отырар қаласының маңындағы Оқсызтөбені маңында дүниеге келді, 950 жылы Сирия, Шам /Отырардан шыққан ұлы ойшыл, энциклопедист - ғалым, «екінші ұстаз /Әл Мұғаллим ас Сани/», Шығыстың Аристотелі атанған ғұлама. Әбу Нәсір әл-Фараби сауатын Отырар медреселерінің бірінде ашқан. Шаш, Самарқанд, Бұхара, Мешнед, Нишапур, Рей, Исфахан, Харран, Бағдат қалаларының медреселерінің бірінде білімін жалғастырған.

Тарихи деректер бойынша Әбу Нәсір әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген. Философия, логика, этика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 164 трактат жазып қалдырды. Оның ғылым мен өнердегі үлкен дүниесі - оның музыкасы. Музыка теориясына арналған бірнеше еңбек жазған: «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ыргактардың классификациясы», «Ғылымдардың шығуы». Оның музыка теориясына арналған үлкен еңбегінің көшірмесін Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Әбу Нәсір әл-Фараби музейіне 1967 жылы Каирде басылып шыққан нұсқасын және арабша қолжазбасын тапсырған фарабитанушы Ақжан Машанов болатын. Ақжан Машанов әл-Фарабиді таныту арқылы қазақ халқының ежелгі музыкалық мұраларын, музыкалық аспаптарын да жария етті, сол арқылы елдің салт-дәстүрін, рухани өресін, өнерге көзқарасын айқындаш берді. Әбу Нәсір әл-Фараби өз еңбегінде математикалық тәсілдер пайдаланып музыкалық дыбыстарды тұнғыш

қағаз бетіне түсірген. «Музыканың ұлы кітабы» атты трактатында музыкалық дыбыс сипаты, оның құрылымын, музыканың жақсы жақтары мен оның тәрбиелік мәнін жан-жақты ашып көрсетеді. Ол осы кітабында жер бетінде адам баласының дауысынан асқан әуезді үн жоқ екенін айтады. Үн деңгейін математикалық тұрғыда есептеп, музыканың теориялық жағына мән берген. Ғұлама ғалым казақ домбырасына ұқсас аспапты ойлап тауып, сол аспапта өзі ойнаған, бір қызығы Әбу Нәсір әл-Фарабидің айтудына қарағанда қазіргі домбыраға ұқсас тамбурлардың бұрын тұрақты және жылжымалы пернелері болған.

Музыка ғылымдары туралы еңбегінде Әбу Нәсір әл-Фараби музыканың емдік қасиетінің зор екенін, оның тәрбиелік мәненін бар екенін айта келе, оның адам денесіне жағымды, жағымсыз ететін жақтарына талдау жасады, музыка адамның жаңын тәрбиелейді деп жазады.

Қазақ халқының музыкалық аспаптары арқылы музыка мәдениетінің дамығаны белгілі. Халықтың аспаптық мәдениеті өте ерте заманнан бері қалыптаса батаған, казақ халқының музыкалық аспаптарының құрылымы, дыбыс ерекшеліктері, ойнау тәсілдері басқа халықтардің көзінен өзгешелігімен ерекшеленеді.

Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда ойын – сауық қойылымдары мен театр өнері ерте ортағасырда кең тараған. Жазба деректерде музыканттар, сиқыршылар, актерлер т.б. өнер иелері жайында жазылған. Сондай-ақ олардың бейнелері бізге бедерлер, қыштан жасалған бұйымдар, терракоталар, жапсырма бұйымдар арқылы жетті. Оңтүстік Қазақстанда театр өнерінің дамығанын Құйрықтөбеден ежелгі Кедер қалашығында қазба жұмыстары барысында табылған X-XI ғ.ғ. тән бетперде, XI-XII ғ.ғ. тән қыш ыдыстар, ағаш тақтайшалар арқылы біле аламыз. Сопакша және дөңестеу болып келген бетперденің биіктігі 20 см., ені 12 см. Оның ішкі жағында қалыпқа келтіру кезінде қалған саусақ іздері бар. Бетпердедегі көз бен ауыз орындары тар тесік түрінде кесіліп жасалған. Дөң мұрыны мен қастары томпайтылып берілген, ал құлактары жабыстырылған.[3, 196 б.]

IX-X ғ.ғ. кең тараған музыкалық аспаптың бірі үрмелі саз аспабы сазсырнайдың ең алғашқы түпнұсқасын 1968 жылы Отырар қаласының орнынан өлкетанушы, тарихши, музей адам атанған Асантай Әлімов тапқан. Сазсырнай саз балшқтан белгілі ұлғідегі қалыпта екі сұлбада жасалып біріктіріледі. Кептіріліп ойықтары ойылып, 960 градус ыстықта күйдіріліп, сыртына глазурь жағылады. Аспапты күйге келтіру үшін әуелі үрлеуге

арналған ойықта сазсырнайдың ерінге тақалатын тұсының оң жағынан сәл солға қарай қиғаштау ояды. Сонда шанақ күкісінде бағытталған ауа ішкі еренуге тиіп, толқын пайда болады. Шанақта тиген ауа толқыны жаңғырып, дыбыс шығады. Дыбыстық қажетті бійктікте алу үшін белгілі бір көлемде аспаптың бүйірінен ойықтар жасалады. Ойықтарды саз балшықпен үлкейтіп немесе кішірейту арқылы дыбыс қуаты төмен не жоғарылатылады.[4, 320 б.] Ол туралы өнер зерттеуші, ғалым Б.Сарыбаев былай деп жазады: Отырардан табылған сазсырнай маған жеткізілді. Менгеру әрекетінде ол аспаптан әуелі үш дыбыс шығардық. Екінші октаваның ми-бемоль, фа, соль ноталарына сәйкес, Төмөнгі ойығын жауып ойнағанда ми – bemol, сол ойығын жартылайашқанда фа, ал толық ашқан кезде соль ноталарына сәйкес дыбыстар шығады. Осыдан кейін Отырар сазы атты фольклорлық-этнографиялық ансамблін құру туралы ой туған екен. Бұл аспаптың кеңінен қолданылуына көп еңбек сіңірген педагог - музықант Өтебай Сахов болатын. Сазсырнайдың тұсауын кескен халық әртісі Нұрғиса Тілендиев еді. Отырардан шықкан сазсырнайды қайта жетілдірген отырарлық суретші, керамист Кендебай Қарабдалов болатын, оның жасап шығарған осы музыкалық аспабымен кез келген әндерді орындауга болады. Ертеде сазсырнайдың дыбысын құстардың дауысына немесе табиғатта кездесетін түрлі дауыстарға келтіріп ойнаған.

Қазақстан тарихында, қазақ халқының тұрмыс-салтын, мәдениетін, өнерін қалпастыруда Отырар өркениеттің орны ерекше. Отырар өркениеттің ғылым мен өнердегі жетістіктері – дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырған ғулама бабамыз Әбу Нәсір эл-Фарабидің үлкен дүниесі музыка теориясына арнап жазған жоғарыда аталған еңбектерінен, Отырардан табылған әуездік аспаптардан, Құйрықтөбебен табылған ойыншы бетпердесінен, қыш ыдыстардағы өрнектерден

осы өңірлерде музыка мәдениетінің, рухани мәдениеттіміздің дамығандығын көрсетеді. XIX – XX ғ.ғ. өмір сүрген өнер иелері – Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Жүсіпбекқожа Шайқысламұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мырзабек Байжанұлы, (Қызыл жырау), Садуақас Жакашұлы, Балтабай Тебейұлы, Байбосын Қүзенбайұлы, Елеусіз Байырбекұлы, Тәушен Әбурова, әлемдік поэзияның алдыбы Мұхтар Шаханов, Қазақстанның халық ақыны Әсельхан Қалыбекова, аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов сынды өнер иелерінің өзі осындай дәстүрдің жалғасы деуге негіз болардай.

1. Жәнібеков Ә. Ежелгі Отырап. – Алматы: Раян, 1996. – 5 б.
2. Бердібаев Р. Садуақас ақын. Жұлдыз. – Алматы. 1983. – 15 б.
3. Байтақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна, 2005. – 196 б.
4. Отырап энциклопедия. – Алматы: 2005. 320 б.
5. Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. – Алматы: Қазақстан, 1976. 69 б.
6. Байтақов К. Ежелгі және ортағасырлардағы Отырап. – Алматы: Қазығұрт, 2007. 61 б.

* * *

В статье представлены исследования по духовной культуре Оттарской цивилизации. Показано прогрессивное влияние Великого шелкового пути на социально-культурное развитие Оттара и других городов Казахстана. Рассмотрены исторические и философские аспекты становления личности Великого мыслителя Востока Абу Насыра аль-Фараби.

* * *

The paper presents research on the spiritual culture of Otrar civilization. The progressive impact of the Silk Road on the social and cultural development of Otrar and other cities of Kazakhstan was shown. The historical and philosophical aspects of Otrar phenomenon - a great Orient thinker Abu Nasir Al-Farabi were discussed.

К.Ә. Бияздыкова

АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

Халық даналығы «Өзін-өзі билеген ел бақытты, өзін-өзі таныған ер бақытты», – дейді. Тәуелсіздік мемлекеттің егемендігімен магынага ие болса, рухани егемендікпен мәні толығады. «Өзінді-өзің таны» тезисі адамның рухани кемелденіп, ақиқат білім иеленуінің кепілі

ретінде сан ғасырлар бойы ғұламалар тарапынан айтылып келеді. Мәселен, батыс философиясы адамның өзіне назары ауып, – «өзін-өзі танудың» өзектілігі артуын Сократпен байланыстырады. Шығыс мұсылман ғылымы «өзін-өзі тануды» екідүние бақытын иеленіп, рухани